

"Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 346 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 136 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулемен бекітілген Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 2 мамырдағы
№ 346 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 11 наурыздағы
№ 136 қаулысымен
бекітілген

Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама 1-тaraу. Жалпы ережелер 1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан), Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Ұшу қауіпсіздігін басқару" деген 19-қосымшаның (бұдан әрі – 19-қосымша) және ИКАО "Ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі нұсқаулық" Doc 9859 талаптарына сәйкес өзірленді және:

1) ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға бағытталған қағидалар мен іс-шаралардың бірыңғай кешенін білдіреді;

2) пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін тиімді іске асыруға және олармен тиісінше өзара іс-қимыл жасауға ықпал етеді;

3) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингтеуді және бағалауды қамтамасыз етеді;

4) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің жалпы мемлекеттік көрсеткіштерін қолдайды және жақсартады.

Бағдарлама азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым мен тергеп-тексеру жөніндегі өкілетті орган арасындағы ұшу қауіпсіздігі және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіп факторларын басқару саласындағы қызметті үйлестіруді және тығыз өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

2. Осы Бағдарламаның негізгі мақсаттары Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы ұшу қауіпсіздігінің деңгейін ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел факторларының тиімділігі мен бағалауына негізделген қосымша элементтердің көмегімен арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының авиация саласының ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін (бұдан әрі – ҰКБЖ) тиімді іске асыруға ықпал ету болып табылады.

3. Азаматтық авиацияда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастардың барлық субъектілері қызметінің негізгі басымдығы және міндеттемесі болып табылады.

4. Осы Бағдарламада мынадай негізгі ұфындар пайдаланылады:

1) авиациялық оқыс оқиға – әуе кемесінің тұтастығына және (немесе) оның бортындағы адамдардың өміріне қатер туғызуы мүмкін немесе қатер туғызған, бірақ авиациялық оқиғамен аяқталмаған, әуе кемесін ұшуда пайдаланумен байланысты авиациялық жағдай;

2) авиациялық оқиға – әуе кемесінің бортындағы адамдардың қаза табуына (дене жарақатының өлімге әкелуіне) және (немесе) осы әуе кемесінің жойылуына әкеліп соқтырған әуе кемесін ұшуда пайдаланумен байланысты авиациялық жағдай;

3) қызмет көрсетушілер – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым сертификаттаған азаматтық авиация ұйымдары (заматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе занды тұлға);

4) пайдаланушы персонал – авиациялық қызметті қамтамасыз етумен байланысты және ұшу қауіпсіздігі туралы ақпарат беруге мүмкіндігі бар азаматтық авиация ұйымының персоналы;

5) ұшу қауіпсіздігі – адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру немесе мүлікке нұқсан келтіру тәуекелі шекті деңгейге дейін төмендетілген және қауіп көздерін анықтаудың және тәуекел факторларын бақылаудың үздіксіз процесі арқылы осы немесе бұдан да төмен деңгейде тұратын жай-күй;

6) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі – ұйымдық құрылымды, жауапкершілік иерархиясын, міндеттерді, басшылық қағидаттары мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқарудың жүйелі тәсілі;

7) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігі – мемлекет немесе қызмет көрсетуші қол жеткізген, олар белгілеген ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің нысаналы деңгейімен және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштерімен айқындалатын ұшу қауіпсіздігінің деңгейі;

8) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштері – ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімділігін мониторингтеу және бағалау үшін пайдаланылатын нақты деректерге негізделген ұшу қауіпсіздігінің параметрлері;

9) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің нысаналы деңгейі – ұшу қауіпсіздігі саласындағы мақсаттарды көрсететін, белгіленген кезеңге ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштері үшін мемлекет немесе қызмет көрсетушілер жоспарлайтын немесе көздейтін нысаналы деңгей;

10) ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел – қауіптілік салдарының немесе нәтижелерінің болжанатын ықтималдылығы және күрделілігі;

11) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

12) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

13) тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті орган – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қызметін жүзеге асыратын және оны ұйымдастыру мен жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі.

2-тaraу. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат, мақсаттар мен ресурстар

1-параграф. Азаматтық авиация саласындағы негізгі заңнама

5. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Заңмен және Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) стандарттарымен және ұсынымды практикасымен регламенттеледі.

6. Заң ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау функцияларын жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторларына әуе кемелеріне, өндірістік қызметке, қуралдар мен қызметтерге, персоналға және тиісті,

егер қажет болса, авиациялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар мен ұйымдардың есепке алу құжаттамасына қол жеткізуді көздейді.

7. Қызмет көрсетушілердің ұшу қауіпсіздігін басқарудың өзіндік жүйесі бар, оның шенберінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 505 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15597 болып тіркелген) Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленген тәртіппен оқыс оқиғалардың жекелеген түрлерін дербес тергеп-тексеруге рұқсат етіледі.

2-параграф. Накты пайдалану қағидалары

8. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) өз құзыреті шегінде азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді, жариялады және жетілдіреді. Азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігінің қолайлы деңгейіне қол жеткізу үшін мемлекеттік деңгейде қабылданатын іс-шаралардың құрамдас бөлігі болып табылады.

9. Уәкілетті орган азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) жәрдемдесуімен Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға қосымшаларға сәйкес стандартталған пайдалану рәсімдеріне, өнімдерге, көрсетілетін қызметтерге, жабдықтар мен инфрақұрылымға қатысты Заңнан туындастын ең тәменгі ұлттық талаптарды енгізетін азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.

10. Уәкілетті орган және уәкілетті ұйым тұрақты негізде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ИКАО-ның стандарттары мен ұсынымды практикасына сәйкестігінің мониторингін жүзеге асырады және ИКАО-ның стандарттары мен ұсынымды практикасында бар өзгешеліктер туралы ИКАО-ға уақытылы хабарлауды және оларды аeronавигациялық ақпарат құжаттарында жариялауды қамтамасыз етеді.

11. Уәкілетті орган азаматтық уәкілетті ұйыммен бірлесіп, өз өзектілігін сақтап, қызмет сипатына сәйкес келуі үшін нақты пайдалану қағидаларын, нұсқаулық материалды және енгізу саясатын оқтын-оқтын қайта қарап тұрады.

12. Уәкілетті ұйым нұсқаулық материалдардың мониторингін жүзеге асырады және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, ИКАО стандарттары мен ұсынымды практикасына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында өзгерістер мен толықтыруларды уақытылы енгізеді.

13. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жедел бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті ұйым Заңға сәйкес қызмет көрсетушілердің орындауы үшін міндетті бұйрықтарды, нұсқаулар мен нұсқамаларды шығарады.

14. Қызмет көрсетушілер талаптар деңгейі Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарынан төмен болмауға тиіс ішкі құжаттарды әзірлейді және қолданысқа енгізеді.

15. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау ұшу қауіпсіздігінің деңгейін қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылады. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісу бойынша әуеайлактардың (тікүшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларынан және аэронавигациялық қызмет көрсетушілермен келісу бойынша сертификаттық талаптардан уақытша ауытқуға, егер мұндай ауытқулар белгіленген ұшу қауіпсіздігі деңгейіне баламалы деңгейді қамтамасыз ететін қосымша шараларды енгізумен өтелетін болса, жол беріледі.

16. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің тізбесін жасайды және оны уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жариялайды.

3-параграф. Азаматтық авиация жүйесінің жұмыс істеуі

17. Уәкілетті органның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру саясаты ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланылатын ҰҚБЖ-ның қағидаттарын, рәсімдері мен әдістерін мазмұндауды білдіреді және өз қызметінің барлық аспектілерінде ұшу қауіпсіздігінің қағидаттарын енгізу және ұдайы жетілдіру, сондай-ақ авиациялық қоғамда ұшу қауіпсіздігінің он мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету міндеттерін белгілейді. Уәкілетті ұйым азаматтық авиация саласы ауқымында барлық ұйымдарда іске асырылуға тиіс ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өлшемді және қол жеткізілетін мақсаттарын әзірлейді.

18. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырудың саясат және ұшу қауіпсіздігі саласындағы мақсаттар уәкілетті ұйымның интернет-ресурсында жариялануға және өз өзектілігі мен қолайлылығын сақтауы үшін оқтын-оқтын қайта қаралып тұруға тиіс.

19. Уәкілетті ұйымның ұшу қауіпсіздігін басқару үшін жеткілікті білікті персоналы және барабар қаржылық ресурстары бар.

20. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау функцияларын жүзеге асыратын білікті персоналды жалдауды және сақтап қалуды қамтамасыз ету үшін сыйақы мен қызмет көрсету шарттары бөлігінде қажетті шараларды қабылдайды.

21. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау функцияларын жүзеге асыратын персоналға әдеп, өзін ұстай білу және міндеттерді орындау кезінде

нақты немесе болжамды мұдделер қақтығыстарының алдын алу мәселелері қаралатын нұсқаулық материал беруді қамтамасыз етеді.

22. Уәкілетті үйым азаматтық авиация саласы қызметінің ауқымы мен курделілігін ескере отырып, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау функцияларын жүзеге асыратын персоналға қатысты өзінің штаттық қажеттіліктерін айқындау үшін тиісті әдістемені пайдалануы қажет.

4-параграф. Уәкілетті үйымның персоналы

23. Уәкілетті үйым ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын өз персоналдың біліктілігіне қойылатын ең төменгі талаптарды белгілейді және оның біліктілігін талап етілетін деңгейде ұстап тұру және арттыру үшін тиісті бастапқы даярлау мен қайта даярлауды көздейді.

24. Уәкілетті үйым ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын өз персоналдың даярлауды есепке алу жүйесін жүргізеді.

25. Уәкілетті үйым авиация инспекторларын кәсіптік даярлауды және олардың біліктілігін қолдауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен "Авиация инспекторларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін қолдау қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 525 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19096 болып тіркелді) негізінде қамтамасыз етеді.

26. Уәкілетті үйым ұшу қауіпсіздігін қадағалауға қатысатын өзінің персоналдың оқытууды сертификатталған авиациялық оқу орындарында, сондай-ақ ИКАО-ның оқу орталықтарында өткізеді.

5-параграф. Нұсқаулық материал және ұшу қауіпсіздігі бойынша ақпарат беру

27. Уәкілетті үйым Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін уәкілетті үйымның ішкі құжаттарына сәйкес ұшу қауіпсіздігі саласындағы функцияларды жүзеге асыратын өз персоналдына тиісті құралдарды, жан-жақты және жаңартылған техникалық және нұсқаулық материалдар мен рәсімдерді, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі маңызды ақпаратты, құралдар мен жабдықтарды ұсынады, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі өз функцияларын тиімді және тәртіппен орындау үшін жұмыс сапарларына байланысты көлік шығыстарын жабады.

28. Уәкілетті үйым азаматтық авиация саласының субъектілеріне Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заннамасында көзделген тиісті нормативтік құқықтық актілерді орындау бойынша нұсқаулық материал ұсынады.

3-тарау. Мемлекеттік деңгейде ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел факторларын басқару 1-параграф. Қауіпсіздікті басқару жүйесіне қатысты куәліктер, сертификаттар және рұқсат құжаттарын беру жөніндегі міндеттемелер

29. Уәкілетті орган мен уәкілетті ұйым тиісті авиациялық қызметті жүргізуге арналған куәлікте, сертификатта немесе рұқсат беру құжатында көзделген қызметті жүзеге асыруға рұқсат етілгенге дейін авиациялық қызметті орындастырын тұлғалар мен ұйымдардың белгіленген талаптарға сай келуін қамтамасыз ету үшін құжаттамалық ресімделген процестер мен рәсімдерді енгізеді.

30. ҰҚБЖ-ны мынадай қызмет көрсетушілер енгізеді:

1) өз қызметтерін ұсыну барысында қызметі әуе кемелерінің ұшуын орындаумен байланысты азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталықтары;

2) халықаралық коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыратын пайдаланушылар және халықаралық ұшуларды орындауға жіберілген жалпы мақсаттағы авиацияның ауыр немесе турбореактивті ұшактарын пайдаланушылар;

3) коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыратын азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қызмет көрсететін авиациялық техниканы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдар;

4) әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары;

5) сертификатталған әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), азаматтық авиация әуежайларын пайдаланушылар.

31. Қызмет көрсетуді берушілер ҰҚБЖ-ны енгізуге қойылатын ең төменгі талаптарға қатысты негізгі төрт компоненттен және он екі элементтен тұратын ҰҚБЖ-ны енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тұжырымдамалық шенберді ескереді:

1) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясаты мен мақсаттары;

басшылықтың міндеттемелері;

ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жауапкершілік иерархиясы мен міндеттер;

ұшу қауіпсіздігіне жауапты жетекші қызметкерлерді тағайындау;

төтенше жағдайға арналған іс-шараларды жоспарлауды үйлестіру;

ҰҚБЖ бойынша құжаттама;

2) ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді басқару;

қауіп көздерін анықтау;

ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді бағалау және азайту;

3) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін бақылау және сандық бағалау;

өзгерістерді жүзеге асыру;

ҰҚБЖ-ны ұдайы жетілдіру;

4) ұшу қауіпсіздігі мәселелерін насихаттау;
кадрларды даярлау және оқыту;
ұшу қауіпсіздігі туралы ақпарат алмасу.

2-параграф. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру

32. Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің әуе кемесімен болған авиациялық оқиға немесе оқыс оқиға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 505 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15597 болып тіркелген) Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес міндетті түрде тергеп-тексеріледі.

33. Авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексерудің мақсаты оқиғалардың себептерін және (немесе) ілеспе факторларын ақытау, болашақта авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Біреудің кінәсін және жауаптылығын анықтау авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексерудің мақсаты болып табылмайды.

34. Авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеруді мүдделі тараптардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен комиссия жүзеге асырады. Азаматтық және эксперименттік авиацияда комиссияны азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган құрады.

35. Қызмет көрсетушінің ҰҚБЖ-да ұйымның оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру тетігі көзделеді.

3-параграф. Ұшу қауіпсіздігі үшін қауіп көздерін анықтау және тәуекелдерді бағалау

36. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігі туралы жиналған деректерден қауіп көздерін анықтау процесін жасайды және жүзеге асырады.

37. Уәкілетті ұйым анықталған қауіптермен байланысты ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді бағалауды қамтамасыз ететін процесті әзірлейді және жүзеге асырады.

4-параграф. Ұшу қауіпсіздігі туралы деректерді жинау және өндөу жүйелері

38. Азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдары ұшу қауіпсіздігі туралы деректер мен ақпаратты жинауды, сақтауды, жинақтауды және талдауды қамтамасыз ету мақсатында авиациялық оқиғалар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйелерін әзірлейді.

39. Азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдары авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы деректерді ұсынуды қамтитын авиациялық оқиғалар туралы деректерді міндettі және ерікті ұсыну жүйесін енгізеді және қолдайды.

40. Азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдары ішкі қағидаларды, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты қабылдау арқылы авиациялық оқиғалар туралы деректерді міндettі және ерікті түрде ұсыну жүйесін енгізеді және қолдайды.

Авиациялық оқиғалар туралы деректерді ерікті түрде ұсыну жүйесі жаза қолданбауға бағдарланған және ақпарат көздерін қорғауды көздеуге тиіс. Өз ерікімен хабарлаған кезде жаза қолданудан бас тарту оқиғалар мен қауіпті факторлар туралы деректерді ерікті түрде хабарлау жүйесінің негіз қалаушы қафидаты болып табылады.

41. Азаматтық және эксперименттік авиация пайдаланушылары мен ұйымдары авиациялық оқиғалар туралы ақпаратты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық оқиғалар дерекқорымен үйлесімді болуға тиіс электрондық деректер базасында сақтауға тиіс.

42. Уәкілетті ұйым мен тергеп-тексеру жөніндегі өкілетті органның ұшу қауіпсіздігі саласындағы өз міндettterін орындауына жәрдемдесу мақсатында олардың азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының авиациялық жағдайлары туралы деректерді міндettі және ерікті түрде ұсыну жүйелеріне рұқсаты болуға тиіс.

43. Авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндettі және ерікті түрде ұсыну жүйесінің дерекқорында ұшу қауіпсіздігі және оны бірлесіп пайдалану туралы ақпарат алmasуға жәрдемдесу мақсатында стандартты жіктеу пайдаланылады.

44. Уәкілетті орган азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен бірлесіп ұшу қауіпсіздігі туралы деректерді тәуелсіз жинау, бағалау, өндеу, талдау және сақтау ұшін тетікті құрады. Ұсынылған деректерді өндеу ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен арттырудан басқа, ақпаратты өзге мақсаттарда пайдалануды болғызбау ниетімен жүзеге асырылуға тиіс және әділ мәдениетті іске асыру мақсатында хабарлаушы адамның және авиациялық жағдайлар туралы есептерде аталған адамдардың жеке басының құпиялышының тиісті түрде қамтамасыз етуге тиіс.

5-параграф. Ұшу қауіпсіздігі туралы мәліметтер мен ақпаратты талдау

45. Уәкілетті орган мен уәкілетті ұйым пайдаланушылардың және азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық жағдайлары туралы деректерді міндettі және ерікті түрде ұсыну жүйелерінен алынатын ұшу қауіпсіздігі туралы деректер мен ақпаратты талдау ұшін процесті енгізеді және жүзеге асырады.

46. Ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін талдау авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру нәтижелері мен олардың дерекқорына, қауіпті факторларды анықтау жөніндегі әртүрлі бағдарламаларды жүзеге асыруға, қызмет көрсетушілердің

қызметтерін қадағалауға негізделеді және ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін бағалау мен ескерту шараларын әзірлеуге арналған.

47. Уәкілетті ұйым үәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін тоқсан сайынғы, жартышылдық және жылдық талдауды дайындайды және шығарады. Ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін талдау қызмет көрсетушілерге жіберіледі.

48. Қызмет көрсетушілер ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін тоқсан сайынғы, жартышылдық және жылдық талдауды жасайды.

Қызмет көрсетушілер жасайтын ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін талдау жинақтау және тұастай азаматтық авиация бойынша ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыру жөніндегі ескерту шараларын қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы үәкілетті ұйымға жіберіледі.

49. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары өз талдауларының алдын ала нәтижелерін, сондай-ақ егер бұл нәтижелер ұшу қауіпсіздігі үшін нақты немесе ықтимал тәуекелді сәйкестендірсе, түпкілікті нәтижелерді үәкілетті ұйымға және үәкілетті органға жібереді.

50. Пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдары анықталған авиациялық жағдайларға байланысты ұшу қауіпсіздігіне қатерлерді анықтау мақсатында авиациялық жағдайдарды талдау процесін әзірлейді.

51. Талдау нәтижелері бойынша пайдаланушы мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымы азаматтық авиация саласындағы нақты немесе әлеуетті кемшіліктерді жою үшін қажетті кез келген тиісті түзету немесе алдын алу іс-қимылдарын:

- 1) осы іс-қимылдарды уақытылы орынданай отырып;
- 2) іс-қимылдардың іске асырылуы мен тиімділігін мониторингтеу процесін белгілей отырып айқындаиды.

52. Азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдары авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы басқа да жұмыскерлерге авиациялық жағдайлар туралы деректерді ұсыну жүйелері шенберінде талдау нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы ақпаратты жыл сайын беріп отырады.

53. Уәкілетті ұйым азаматтық және эксперименттік авиация пайдаланушылары мен ұйымдары жүргізетін талдау жұмыстарының мониторингін және қабылданатын кез келген түзету немесе алдын алу іс-қимылдарын жүзеге асырады.

6-параграф. Ұшу қауіпсіздігі туралы деректер мен ақпаратты қорғау

54. Уәкілетті орган, уәкілетті ұйым және тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті орган ұшу қауіпсіздігі туралы деректерді және тиісті көздерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйелерінен алынған ұшу қауіпсіздігі туралы деректер мен ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

55. Авиация персоналы және пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация үйымдарының өзге де жұмыскерлері ұшу қауіпсіздігіне елеулі тәуекел туғызыу мүмкін және олар туралы хабарлау авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті түрде ұсыну жүйесі арқылы жүзеге асырылатын авиациялық жағдайлардың санаттарына жататын авиациялық жағдайлар туралы хабарларуға міндетті.

Олар туралы деректерді ұсыну авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті түрде ұсыну жүйесі арқылы жүзеге асырылатын авиациялық жағдайлардың санаттары, сондай-ақ осы санаттағы авиациялық жағдайлар туралы деректерді ұсынатын тұлғалардың тізбесі азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленеді.

56. Осы Бағдарламаның 55-тармағында көрсетілген тізбеде көзделмеген авиация персоналы және пайдаланушылары мен азаматтық авиация үйымдарының өзге де жұмыскерлері хабарлауға міндетті санатқа жатпайтын авиациялық жағдайлар туралы, егер олар ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ақпаратқа жататын болса, сондай-ақ, егер мұндай ақпарат ұшу қауіпсіздігіне нақты немесе әлеуетті қатер төндіретіндей қабылданатын болса, авиациялық жағдайлар туралы деректерді ерікті түрде ұсыну жүйесі арқылы хабарлайды.

57. Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық жағдайлар туралы деректер олардың құпиялышының кепілдік беру, авиациялық жағдайлар туралы есептерде көрсетілген адамдардың дербес деректерін қорғау және авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиациядағы өзге де жұмыскерлердің авиациялық оқиғалар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесінің беріктігіне сенімділігін қамтамасыз ету арқылы қоргалады.

58. Авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласының өзге де жұмыскерлері өздері берген ақпарат негізінде жұмыс берушісі тарапынан тәртіптік жазаға және (немесе) материалдық жауаптылыққа тартылмайды.

Осы тармақтың талаптары мынадай жағдайлардың бірі:

1) әдейі жасалған теріс қылыш;

2) шынайы тәуекелді айқын елемеу және адамның өмірі мен денсаулығына болжамды зиян келтіруге, мүлікке нұқсан келтіруге әкеп соққан немесе ұшу қауіпсіздігінің деңгейін елеулі түрде төмендеткен лауазымдық міндеттерді сактамау орын алған кезде қолданылмайды.

59. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация үйымдары авиациялық жағдайлар туралы ақпаратты:

1) авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын тұлғаларға кінәні немесе жауаптылықты жүктеу;

2) ұшу қауіпсіздігін қолдаудан немесе арттырудан басқа, кез келген өзге де мақсаттар үшін ұсынбайды немесе пайдаланбайды.

60. Авиациялық жағдай туралы есепте аталатын және дәл сол жағдай туралы өзіне белгілі болған кезден бастап хабарлауға міндетті болған, жұмыс берушінің ішкі қағидаларында белгіленген мерзімде қасақана хабарламаған азаматтық және эксперименттік авиация саласының жұмыскері жауаптылықта тартылуы мүмкін.

61. Егер тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қозғалған болса, авиациялық жағдайлар туралы есептерде қамтылған ақпарат авиациялық жағдай туралы хабарлаған азаматтық және эксперименттік авиация саласының жұмыскеріне немесе авиациялық жағдай туралы есепте аталған тұлғаға қарсы пайдаланылмайды.

62. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары персоналмен консультациядан кейін әділ мәдениетті іске асыру тәртібін белгілейтін ішкі қағидаларды қабылдайды. Әділ мәдениетті іске асыру Заның 92-1 92-2 және 92-3-баптарының, сондай-ақ азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларында көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

63. Авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласының жұмыскерлері туралы ақпаратқа, олардың дербес деректеріне авиациялық жағдайлар туралы есептерді жинауға, бағалауға, өндеуге, талдауға және сақтауға тікелей тартылған ұйымының персоналы ғана қол жеткізе алады.

64. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру талаптарына сәйкес талап етілетін жағдайларды қоспағанда, авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын тұлғалардың дербес деректері жария етілмейді, дереккорларға енгізілмейді және қолжетімділік шектеулі ақпарат болып табылады.

65. Авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласының өзге де жұмыскерлері осы бап ережелерінің бұзылуы туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға хабарлауға құқылы және бұл үшін жұмыс беруші оларды жауаптылықта тартпауға тиіс.

7-параграф. Ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді басқару

66. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігінің анықталған проблемаларын шешу мақсатында құқық қолдану шараларын қоса алғанда, тиісті іс-қимылдарды қабылдау үшін процесті құжаттамамен ресімдейді.

67. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігінің анықталған проблемаларының уақтылы шешілуін бақылайды, сондай-ақ осы проблемаларды шешу бойынша авиациялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар мен ұйымдар қабылдаған іс-қимылдарды қоса алғанда, қол жеткізілген процесті тіркейді.

68. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ететін шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

69. Уәкілетті ұйым осы Бағдарламаның негізінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында авиациялық қызметте кездесетін ұшу қауіпсіздігінің қауіп факторларын бақылау үшін қызмет көрсетушілерді реттеу, қадағалау және бақылау бойынша жұмыстар жүргізеді. Ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел факторларын басқару қауіпті факторларды анықтауды, ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелді бағалауды және оларды азайту бойынша тиісті шараларды жүзеге асыруды қамтиды.

70. Қауіпті факторларды анықтау ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел факторларын басқару процесіндегі алғашқы қадам болып табылады. Ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел факторлары жол берілмейтін болып бағаланатын болса, оларды жою немесе олардың ұшу қауіпсіздігіне әсер ету дәрежесін төмендету бойынша шаралар қабылдануға тиіс, сондай-ақ олардың кейінгі мониторингі ұйымдастырылады.

71. Ұшу қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін бұзушылықтар анықталған кезде уәкілетті ұйым пайдалануши немесе азаматтық авиация ұйымы анықталған бұзушылықтарды жойған кезге дейін сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған күәлікті) қайтарып алу немесе оны толық немесе ішінара шектеу немесе қолданысын тоқтата тұру жөнінде шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдайды.

4-тaraу. Мемлекеттік деңгейде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету 1-параграф. Қадағалау бойынша міндеттемелер

72. Уәкілетті ұйым күәліктердің, сертификаттардың және рұқсат беру құжаттарының иеленушілерінің белгіленген талаптарға сәйкес келуін проактивті позициялардан қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін инспекцияларды, тексерулерді және үздіксіз мониторинг шараларын дайындау және жоспарлау процестерін құжаттамалық түрде жүргізеді. Сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылаудың берілген функцияларын қадағалау жүзеге асырылады.

73. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігі тұрғысынан неғұрлым проблемалы немесе қосымша тексеруді талап ететін салаларда инспекцияларды, тексерулерді және үздіксіз мониторинг шараларын бірінші кезекте жүргізу рәсімдерін белгілейді.

74. Уәкілетті ұйым нақты қызмет көрсетушінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштерін оқтын-оқтын қайта қарап тұрады.

75. Қызмет көрсетушінің қызметін тұрақты қадағалау сертификаттау жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі және халыққа қауіпсіз әрі сенімді коммерциялық авиакөлік тасымалын ұсыну мақсатында талап етілетін пайдалану нормаларының сақталуына азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган және уәкілетті ұйым жауапкершілігінің маңызды элементі болып табылады.

76. Талап етілетін қадағалау шаралары және оларға байланысты инспекциялық тексерулерді уәкілетті үйымның авиациялық инспекторлары жүргізеді.

77. Азаматтық, эксперименттік авиацияның қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган уәкілетті үйымның қатысуымен мынадай іс-шараларды орындау арқылы жүзеге асырады:

1) осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген тексерулерді қоспағанда, жүргізу

тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен айқындалатын азаматтық авиация үйымдарын тексеру;

2) жүргізу тәртібі Заңмен айқындалатын әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі және

авиациялық қауіпсіздік талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын тексеру;

3) ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жеке

және заңды тұлғалардың қызметін бақылау мен талдауды қамтитын бақылау мен

қадағалаудың өзге нысандары.

78. Уәкілетті үйым барлық функционалдық салаларда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз

ету кезінде олардың ұлттық қағидаларды, рәсімдер мен практиканы сақтауын бақылау

мақсатында қызмет көрсетушілерді қадағалау бағдарламасын және инспекторлық

құрам үшін нұсқаулық материалдарды өзірлейді.

2-параграф. Мемлекеттік деңгейде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімділігі

79. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшу қауіпсіздігінің

деңгейі мынадай компоненттер сақталған кезде қамтамасыз етіледі:

1) осы Бағдарламаны тиімді іске асыру;

2) өнім берушілердің ҰҚБЖ-ға қызмет көрсетуді іске асыруы;

3) ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді және олармен байланысты ұшу қауіпсіздігін

қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштерін басқару;

4) ИКАО стандарттары мен ұсынымды практикасын уақтылы ендіру.

80. Уәкілетті орган уәкілетті үйыммен бірігіп жыл сайын Қазақстан

Республикасының азаматтық авиациясында және эксперименттік авиациясында ұшу

қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштерін және нысаналы (ең төменгі)

деңгейлерді белгілейді.

81. Уәкілетті үйым қызмет көрсетушілердің ұшу қауіпсіздігі және ұшу қауіпсіздігі

саласындағы проблемаларды шешу үшін тәуекелдерді басқару бойынша қабылдаған

іс-қимылдарының тиімділігін бағалауды қамтамасыз етеді.

82. Әзірленген ҰҚБЖ-ны қызмет көрсетушілер уәкілетті үйыммен келіседі.

83. Уәкілетті орган уәкілетті үйыммен бірлесіп ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету

тиімділігінің жалпы деңгейін ұстап тұру немесе ұдайы жоғарылату мақсатында

Бағдарламаны бағалауды жүзеге асырады.

5-тaraу. Мемлекеттік деңгейде ұшу қауіпсіздігі мәселелерін насхаттау

1-параграф. Ұшу қауіпсіздігі туралы ішкі және сыртқы ақпаратпен алмасу және оны тарату

84. Уәкілетті орган уәкілетті ұйыммен бірлесіп азаматтық авиация ұйымдары шенберінде ұшу қауіпсіздігі саласындағы оң мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін ұшу қауіпсіздігі туралы хабардар болуды арттыруға және ақпаратты бірлесіп пайдалануға және онымен алмасуға жәрдемдеседі.

85. Уәкілетті орган уәкілетті ұйыммен бірлесіп авиациялық қоғамдастық шенберінде ұшу қауіпсіздігінің деңгейін ұстап тұруға және арттыруға жәрдемдеседі және ұшу қауіпсіздігінің оң мәдениетін қалыптастыру мақсатында авиациялық қоғамдастық шенберінде ұшу қауіпсіздігі туралы хабардар болуды арттыруға және ұшу қауіпсіздігі туралы ақпаратты бірлесіп пайдалануға және онымен алмасуға ықпал етуге тиіс.

86. Уәкілетті ұйым пайдаланушылардың және азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық жағдайдары туралы деректерді міндепті және ерікті түрде ұсыну жүйесінде қамтылған ақпаратты талдау кезінде мүдделі шет мемлекеттерге осындай ақпаратты жіберу үшін шет мемлекеттер үшін қызығушылық тудыратын ұшу қауіпсіздігі мәселелерін анықтайды. Ұшу қауіпсіздігі бойынша осы ақпаратты пайдалануды тараптар қорғау деңгейі мен пайдалану шарттары жағынан келісуге тиіс.

87. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігі туралы ақпаратты барлық азаматтық авиация ұйымдары арасында бірлесіп пайдалануға немесе онымен алмасуға ықпал етеді және ұшу қауіпсіздігі туралы ақпаратты бірлесіп пайдалануға және онымен алмасуға жәрдемдеседі.